## 2008 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 Қаулысы ( үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 2008 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 қаулысына 33-ҚОСЫМША

**202 - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Төтенше жағдайлардың алдын алу, жою және мемлекеттік материалдық резерв жүйесін басқару саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 5154475 мың теңге (бес миллиард бір жүз елу төрт миллион төрт жүз жетпіс бес мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12 N 581д Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 20 қаңтардағы Заңы ; "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңы ; "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңы ; "Авариялық құтқару қызметтері және құтқарушылардың

мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 27 наурыздағы Заңы ; " Азаматтық қорғаныс туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы Заңы ; "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы ; "Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жоюдың мемлекеттік жүйесін дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған бағдарламасы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1383 қаулысы; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1112 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі комитеттерінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 626 қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : төтенше жағдайлардың алдын алу, жою және мемлекеттік материалдық резервті құру мен дамытуды қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және мемлекеттік материалдық резерв жүйесін басқару.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағдарлама-ның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Төтенше жағдайлардың алдын алу, жою және мемлекеттік материалдық резерв жүйесін басқару саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету | | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласындағы мемлекеттік саясатты қалып- | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі, Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті, Төтенше |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тастыру, мемлекеттік органдардың, Азаматтық қорғаныстың, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздігінің жұмыстарын үйлестіру. Ресей Федерациясы Төтенше жағдайлар министрлігінің Азаматтық қорғаныс академиясында оқитын тыңдаушылардың және олардың отбасылары мүшелерінің белгіленген орынға бару және кері қайту көліктік шығыстарын қамтамасыз ету. "Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жоюдың мемлекеттік жүйесін дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған бағдарламасы" аясында өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы нормативтік құжаттарды, оның ішінде стандарттарды, ережелерді, нұсқауларды, басшылықтар мен ұсынымдарды әзірлеу жөніндегі мерзімді журналдар шығару бойынша қызмет көрсетулерге ақы төлеу. | | жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитеті, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитеті |
| 3 | | 002 | Аумақтық органдардың аппараттары | Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, Азаматтық қорғаныс, өрт және | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі міндет-терді шешуге бағытталған бағдарламаларды ұйымдастыру және орындау. Әскери қызметшілерді әлеуметтік қорғауды күшейту жөнінде ұсыныс-тарды іске асыру; сот шешіміне сәйкес Талдықор-ған қ. әскери қызметші-зейнет-кер Ж.М. Мұсатаевты тұрғын үймен қамтамасыз ету. | | министрлігі аумақтық органдары |
| 4 | | 007 | Мемлекеттік қызметшілер-дің біліктілігін арттыру | "Тау-кен өндірістері мен жұмыстарын мемлекеттік бақылау" ; "Металлургиялық кокстық химиялық өндірістерді мемлекеттік бақылау"; "Көтергіш тетіктерді қазандықты қадағалау саласындағы мемлекеттік бақылау"; "Өнеркәсіптік жарылғыш заттарды әзірлеуді, дайындауды, сынауды, сақтауды, пайдалануды мемлекеттік бақылау"; "Мұнай өндіретін өнеркәсіптегі, геологиялық барлаудағы және құбыр өткізгіш көліктегі мемлекеттік бақылау"; "Тау-кен жұмыстарының қауіпсіздігін геологиялық-маркшейдерлік қамтамасыз етуді мемлекеттік бақылау"; "Нормативтік-құқықтық актілердің мәтіндерін жазу"; "Іс жүргізуді мемлекеттік тілде ұйымдастыру және жүргізу"; "Ақпараттық технологиялар - мемлекеттік басқару тиімділігінің өсу негіздері"; "Мемлекеттік органдардағы бухгалтерлік есепке алу және бақылау"; "Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және бақылау"; "Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы"; "Қызметтік құжаттаманы электрондық өңдеуді енгізу тетігі туралы"; "Қазіргі | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | заманғы жағдайларда заң қызметінің жұмыс ерекшеліктері"; "Мемлекеттік қызметшінің этикеті және психологиясы"; "Мемлекеттік қызметтердің сапасын басқару"; " Заңдылықты, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту саласындағы ұйымдастыру шараларын жетілдіру жолдары"; "Іс жүргізу және электронды құжат айналымы"; " Мемлекеттік тілді оқыту" тақырыптары бойынша мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жөніндегі қызмет көрсетулерді сатып алу. | | Төтенше жағдайлар министрлігі |
| 5 | | 008 | Мемлекеттік органдардың ғимаратта-рын, үй-жайлары мен құрылыс-тарын күрделі жөндеу | Министрліктің аумақтық органда-рының ғимараттары мен үй-жайларын күрделі жөндеу бойынша қызмет көрсетулерді сатып алу, оның ішінде ШҚО ТЖӨҚМББ сыртқы жылу жүйелерін күрделі жөндеу; Ақмола облысы ТЖД әкімшілік ғимара-тын күрделі жөндеу; Жезқазған ТЖБ әкімшілік ғимараты мен гараждарын күрделі жөндеу; Павлодар облысы ТЖД әкімшілік ғимаратының жер-төлесін, 4-қабат-тағы үй-жайларды, 1-қабаттағы кезекшілік бөлме-сін күрделі жөн-деу және әкімші-лік ғимаратының терезелерін жөндеу; Атырау облысының ТЖД әкімшілік ғимара-тының шатырын күрделі жөндеу, ОҚО ТЖӨҚМББ әкімшілік ғимара- | Жыл бойы | Ақмола облысының Төтенше жағдайлар департаменті (бұдан әрі - ТЖД) Атырау облысының ТЖД, Павло-дар облысы-ның ТЖД, Жезқазған ТЖД, Маңғыс-тау облысы-ның ТЖД, ШҚО, ОҚО Төтенше жағдайларды және өнер-кәсіптік қауіпсіздік-ті мемлекет-тік бақылау басқармасы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тын күрделі жөндеу. Маңғыстау облысы ТЖД жылыту жүйесін ауыстыруға ЖСҚ әзірлеу, ТЖД аумағының қоршауын, ұзақ сақтау қоймасы аумағының қоршауын, 4 гараждық боксты және ТЖД ғимаратының жертөле үй-жайын күрделі жөндеуді жүргізуге ЖСҚ әзірлеу. | | (бұдан әрі - ТЖӨҚМББ) |
| 6 | | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | Орталық аппарат пен оның аумақтық органдарының қызметтерін материалдық-техникалық жарақтандыру, оның ішінде МИ-171 тікұшағы - 1 бірлік, УАЗ базасындағы жедел-құтқару автомобилі - 27 бірлік | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі және оның аумақтық органдары |
| 7 | | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | Есептеу техника-ларын ұстау, техникалық қызмет көрсету, ақпарат-тық жүйелерді орналастыру және алып жүру жөнін-дегі қызметті сатып алу, веб-сайт құру. Ақпараттық жүйелерді техникалық, технологиялық және бағдарлама-лық қамтамасыз ету. Есептеу техникасын және лицензияланған бағдарламалық өнімдерді сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі және оның аумақтық органдары |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.10.14* N 581в *Қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже:
а) Өрт қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы нормативтік базаны ( мемлекеттік стандарттар, ережелер мен ұсынымдарды) жетілдіру;
б) 676 адамның, оның ішінде: аумақтық органдардан 676 адамның кәсіби деңгейін

көтеру;
в) 1288 адамға, оның ішінде: аумақтық органдардан 1218 адамға мемлекеттік тілді оқытып-үйрету.
Түпкілікті нәтиже:
Төтенше жағдайларды төмендету және азайту, төтенше жағдайлардың алдын алудың қолданыстағы буындарын нығайту.
Қаржылық-экономикалық нәтиже:
1) республикалық бюджеттің қаражатын тиімді пайдалану;
2) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы нормативтік құжаттарды әзірлеуге - 50000,0 мың теңге, өрт қауіпсіздігі саласында - 11225,0 мың теңге;
3) бір мемлекеттік қызметшінің біліктілігін арттыруға жұмсалатын орташа шығын - 14,9 мың теңге;
4) бір мемлекеттік қызметшіге мемлекеттік тілді оқытып-үйретуге кететін орташа шығын - 15,8 мың теңге.
Сапасы:
а) төтенше жағдайлардың алдын алуға, оларды жоюға белгіленген регламент шеңберінде дер кезінде ден қою;
б) адам факторларына байланысты төтенше жағдайлар санының, қаза болғандар мен зардап шеккендердің, сондай-ақ өрттердің, өндірістік объектілердегі және жеке меншік секторларындағы апаттардың нәтижесіндегі материалдық залалдың өсуін азайту;
в) қазіргі заманғы экономикалық жағдайларға сәйкес, кәсіби мемлекеттік қызметтік талаптарға сәйкес мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру; мемлекеттік тілді оқып-үйрену курсын бітіргеннен кейін мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізудегі үлесі - 44,3 %; біліктілігін арттыру курсын өткеннен кейін жоғары лауазымға тағайындалған мемлекеттік қызметшілердің үлесі - 6,2 %.
Уақтылығы: іс-шараларды жасалған шарттарға сәйкес жүзеге асыру.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.10.14* N 581в *Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
34-ҚОСЫМША

**202-Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды ұйымдастыру"
деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 17810404 мың теңге (он жеті миллиард сегіз жүз он миллион төрт жүз төрт мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12 N 581д Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңы ; "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңы ; "Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 27 наурыздағы Заңы ; " Азаматтық қорғаныс туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы Заңы ; "28237, 52859, 68303 әскери бөлімдерін Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс штабына бағындыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 6 сәуірдегі N 264 қаулысы ; "Төтенше жағдайларда Қазақстан Республикасының жедел медициналық көмек көрсету орталығын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 27 қыркүйектегі N 1068 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мемлекеттік мекемелерін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 наурыздағы N 400 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Республикалық дағдарыс орталығы мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 13 қаңтардағы N 40 қаулысы ; "Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жоюды мемлекеттік жүйесін дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған бағдарламасы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1383 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1112 қаулысы ; "2006-2007 жылдарға арналған ақысыз медициналық көмек көрсетудің кепілді көлемінің тізбесін бекіту туралы" 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 1296 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасының халқын, шаруашылық объектілері мен аумағын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар қаупі және олар туындаған кезде қорғауды қамтамасыз ету және халыққа жедел көмек көрсету; авариялық-құтқару күштерінің ұдайы дайындықты және төтенше жағдайларға уақтылы ден қоюды тұрақты және үздіксіз басқаруды қамтамасыз ету; жоғары мамандандырылған және мамандандырылған медициналық көмекті қамтамасыз ету арқылы ауру адамдардың денсаулығын жақсарту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Дүлей зілзала, авариялар мен апаттар нәтижесінде зардап шеккендерге шұғыл көмек көрсету;
Бейбіт уақыттағы төтенше жағдайларда іс-қимылдарға жоғары әзірлікті қамтамасыз ету

, апат аудандарына және берілген жауынгерлік міндеттер орындалатын аудандарда авариялық-құтқару қызметтерінің жедел ден қою, уақтылы баруы;
жетуі қиын аудандарда, қиындығы жоғары объектілерде құтқару және іздестіру-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;
Ақпараттарды уақтылы және тұрақты түрде қабылдау және жедел өңдеу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою саласындағы мемлекеттік басқару органдарымен үздіксіз және тиімді байланысты қамтамасыз ету;
Қадағалау және хабардар ету қызметінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету; мониторинг және сел қауіпі бар объектілер мен сел ағындарын бақылау;
Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде уақтылы ден қою үшін арнайы техникалық құралдардың әзірлігін қамтамасыз ету;
Төтенше жағдайларды жою кезінде авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге құтқарушылардың әзірлік деңгейін арттыру;
Өрт қауіпсіздігі, өрттің алдын алу мен оларды жою саласындағы, шаруашылық ету объектілері мен тұрғын үйлердің өртке қарсы қорғанысын арттыру бойынша жұмыстарды жетілдіру;
Төтенше жағдайлардың салдарларын жою бойынша іздестіру-құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жедел жүргізу.
Төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағдарлама-ның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды ұйымдастыру | | | |
| 2 | | 100 | Республика-лық жедел құтқару жасағы | 1) "Республикалық жедел-құтқару жасағы" мемлекет-тік мекемесін ұстау (штат саны - 56 бірлік). "Төтенше жағдай-лардың алдын алу мен оларды жою мемлекеттік жүйесін дамыту бағдарламасы" | Жыл бойы | "Республи-калық жедел-құт-қару жасағы" мемлекет-тік |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | іс-шаралар жоспарының 3.1-тармағын іске асыруға 8 бірлік автокөлік құралдарын сатып алу, оның ішінде: УАЗ 3 бірлік, Газель 2 бірлік, орта сыныпты АҚМ - 1 бірлік, гидрооралым 3-ші жергілікті 1 бірлік, авариялық құтқару жабдықтары және аспаптары, оның ішінде: жылу зеңбірегі 4 бірлік, зардап шеккендерге киіз үй - 2 бірлік, ұялы байланыс кешені УКВ - 10 бірлік, созылмалы құтқару матасы, авариялық құтқару аспабының жинағы, сүңгуір жейде, неопренді гидрокостюм, тау шаңғысы жинағы, газ қазандығы, үйлестіру-диспетчерлік қызмет және басқа жабдық үшін қатты дауыс байланыс жүйесі, оның ішінде желдеткіштер, тоңазытқыштар, ламинатор+брошуратор. | | мекемесі |
| 3 | | 101 | Әскери бөлімдер | Әскери бөлімдер мемлекеттік мекемесін ұстау (штат саны - 1202 бірлік, оның ішінде мерзімді қызметтегі 776 бірлік әскери қызметшілер). Әскери қызметшілердің әлеуметтік қорғалуын күшейту бойынша ұсыныстарды іске асыру. Азық-түлік, дәрі-дәрмектер, заттай мүліктер сатып алу, мерзімді қызметтегі 153 бірлік әскери қызметшінің | Жыл бойы | 52859, 28257, 68303 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | келісім-шартты қызметке өтуі. Сатып алу: дәнекерлеуші агрегат - 1 бірлік, байланыс құралы, коммунал-дық-тұрмыстық жабдық, оның ішінде: жылыту қазандығы - 6 бірлік. Іс-шаралар жоспарының 3.1 т. іске асыру үшін автокөлік құралдарын, оның ішінде: жоғары өтімді КамАЗ (6*6) - 3 бірлік, ГАЗ шассасында АСА - 1 бірлік, УАЗ шассасында АСА - 1 бірлік сатып алу. "ҚР ӘҚ қару жарақ-тары мен әскери техниканы сатып алу, жаңғырту, жөндеу, пайдаға асыру мемлекеттік бағдарламасы" іс-шаралар жоспарын іске асыруға бульдозер 1 бірлік, N 52859 әскери бөлімінің ғимара-тына күрделі жөндеу жүргізу. Алматы қаласында пәтерлер сатып алу (бір бөлмелі - 2 бірлік, екі бөлмелі - 1 бірлік). | | әскери бөлімдер |
| 4 | | 102 | Аэроұтқыр өңірлік жедел-құтқару жасақтары | Өңірлік аэромо-бильді жедел құт-қару жасақтарын ұстау (штат саны - 168 бірлік). Автокөлік құралы - 4 бірлік, оның ішінде: Камаз базасында АСА - 2 бірлік, Нива Марш АСА - 2 бірлік, авариялық құтқару жабдығы. "Төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою мемлекеттік жүйе-сін дамыту бағдар-ламасы" іс-шаралар | Жыл бойы | Орталық өңірлік аэромо-бильді жедел құтқару жасағы, Батыс өңірлік аэромо-бильді жедел құтқару жасағы, Шығыс өңірлік аэромо- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жоспарының 3.1 т. іске асыру үшін УАЗ базасында АСА - 3 бірлік, қарда жүретін машина - 2 бірлік, Камаз автомобилі - 1 бірлік, УАЗ автомобилі - 1 бірлік, авариялық құтқару аспаптары мен жабдықтары - 4 бірлік | | бильді жедел құтқару жасағы, Солтүстік өңірлік аэромо-бильді жедел құтқару отряды, Оңтүстік өңірлік аэромо-бильді жедел құтқару жасағы мемлекет-тік мекемелері |
| 5 | | 103 | Республика-лық дағдарыс орталығы | "Республикалық дағдарыс орталығы" мемлекеттік меке-месін ұстау (штат саны - 25 бірлік). Жер серігі терминалы - 1 бірлік, басқару бейне камерасы - 1 бірлік, дизельді -генераторлық қон-дырғы - 1 бірлік сатып алу | Жыл бойы | "Республи-калық дағдарыс орталығы" мемлекет-тік мекемесі |
| 6 | | 104 | Қазселден-қорғау | "Қазселденқорғау" ММ ұстау (штат са-ны - 540 бірлік). 1) Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы гидротехникалық құрылыстарды, гид-рологиялық постт-арды, диспетчерлік пункттерді, сейсо-полигондарды және бөгеттегі ағымды жөндеу, бақылау және хабардар ету бекеттерін ұстау, аэрошоу жұмыстары, мұздық көлдерді | Жыл бойы | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ағызу бойынша алдын алу жұмыста-ры, жер сілкініс-терін қысқа мерзімді болжауды қамтамасыз ету бойынша ғылыми-болжау жұмыстарын жүргізу, қар көшкіндерін, сел тасқындары мен сырғымаларды алдын ала түсіру бойынша жару жұмыстары. 2) 7 бірлік - құрылыс техникасын және автокөлік құралдарын, оның ішінде: шынжыр табанды экскаватор - 1 бірлік, гидрометеорологиялық аспаптар сатып алу". "Төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою мемлекеттік жүйесін дамыту бағдарламасы" іс-шаралар жоспарының 3.1-т іске асыру үшін КамАЗ (самосвал) - 5 бірлік, тұратын вагон - 14 бірлік, цемент тасығыш - 1 бірлік, ершікті тартқыш - 1 бірлік, жартылай тіркеуіш - 1 бірлік, бульдозер - 1 бірлік, жедел қызметтік автомобиль - 8 бірлік, байланыс құралдары, ұйымдастыру техникасы және жабдық сатып алу. "Төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою мемлекеттік жүйесін дамыту бағдарламасы" іс-шаралар жоспарының 3.1 т. іске асыру үшін Камаз (самос-вал) - 10 бірлік, тұрғын вагон - 10 бірлік, цемент таситын көлік - 1 бірлік, бензин таситын көлік - 1 бірлік | | Қазсел- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | денқорғау ММ |
| 7 | | 105 | Төтенше жағдайлардың алдын алуды және жоюды қамтамасыз ету үшін арнайы техникалық жабдықтардың дайындығын ұйымдастыру | Авиациялық техникаларды ұстау, ұшу-техникалық қызмет көрсету бойынша қызмет көрсетулерді сатып алу, оның ішінде жанар-жағар-май материалдарының шығындары, ағымдағы жөндеу және техникалық қызмет көрсету, авиациялық техниканы орналастыру, метеоқамтамасыз ету, авиатехникаларға әуежай және жер арқылы қызмет көрсету, әуе кемелерін орналастыру, сақтандыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі |
| 8 | | 106 | "Қазқұтқару" бөлімшесі құтқарушыларының жыл сайынғы (халықаралық) жиын-семинарын өткізу | "Қазқұтқару" құтқарушыларының жыл сайынғы жиын семинарын өткізуді қамтамасыз ету, оның ішінде кеңсе және басқа тауарларды, жанар-жағар-май материалдарын сатып алу, жиын семинарға қатысушыларды азық-түлік-пен қамтамасыз ету, вымпелдар, дипломдар, мақтау қағаздарын, бейдждер жасау, жүлделер сатып алу, жүлделер мен кубокторға жазу түсіру, фото және бейнематериалдардыжасау. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлі-гі |
| 9 | | 107 | Өрт сөндіру қызметі | "Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі" мемлекеттік мекемелерін (бұдан әрі - ММ) ұстау (штат саны - 15200 бірлік). Активтер - 190 бірлік, оның | Жыл бойы | "Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі" мемлекеттік мекемелері |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ішінде: Урал базасында АЦ-40 автоцистерна - 40 бірлік, Камаз базасында АЦ-40 автоцистерна 30 бірлік, ЗИЛ база-сында АЦ 2,5-40 автоцистерна - 60 бірлік, өрт сөнді-ру-техникалық керек-жарақтар, "Диспетчер" АРМ жабдығын, байланыс құралдары, телекоммуникация-лық жабдық, жедел жеңіл автомобиль - 1 бірлік сатып алу. ММ өрт сөндіру депосы ғимараттарының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу бойынша шығындар және күрделі жөндеу, оның ішінде: Атырау облысының Индер ауданы N 5 өрт сөндіру бөлі-мінің ғимаратына күрделі жөндеу; Ақтөбе облысы Шалқар қ. Газовиков п. ө/б -17 г. өрт сөндіру депосын күрделі жөндеу; Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы, Абай ауылы өрт сөндіру депосы ғимаратына күрделі жөндеу; Батыс Қазақстан облысы Круглоозерное п. 7 ө/б өрт сөндіру депосы ғимаратын күрделі жөндеу; Алматы қ. Қонаев көшесі 132 СПЧ-8 ғимаратын күрделі жөндеу, Жамбыл облысы Талас ауданы, Қаратау | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қаласы өрт сөндіру депосының қазан-дықтарын жылыту және газдандыру жүйесін күрделі жөндеу; Батыс Қазақстан облысы ММ арнайы жасағына күрделі жөндеу; Тараз қаласы Асқаров 284-а көшесі бойынша жұмылдыру резерві ғимаратын күрделі жөндеу; Тараз қ. Жамбыл N 1 даңғылы бойынша ө/д жатақханасы ғимаратына күрделі жөндеу; материал-дық емес активтер-ді сатып алу. | | |
| 10 | | 108 | Жедел құтқару қызметі | Жедел құтқару жасақтарын ұстау (штат саны - 285 бірлік). Камаз базасында 4 бірлік, гидравли-калық авариялық құтқару аспаптары, іздеу құтқару иттері - 2 бірлік сатып алу. Материалдық емес активтерді сатып алу, оның ішінде "1С - Бухгалтерия" | Жыл бойы | Ақтөбе қаласының Жедел-құтқару жасағы, Екібастұз қаласының Жедел-құтқару жасағы, Қарағанды қаласының Жедел-құтқару жасағы, Қызылорда қаласының Жедел-құтқару жасағы, Павлодар қаласының Жедел-құтқару жасағы, Орал қала-сының Жедел-құтқару жасағы, Шымкент қаласының |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Жедел-құтқару жасағы, Тараз қаласының Жедел-құтқару жасағы. |
| 11 | | 109 | Апаттар медицинасы орталығы | Мамандандырылған медициналық көмек көрсету. Медицина-лық жабдықтар, медициналық емес жабдықтар, маман-дандырылған авто-көлік, есептеу жабдықтарын және оргтехника сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Респуб-ликасының Төтенше жағдайлар министр-лігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *, 2008.07.19* N 712 *, 2008.10.14* N 581в *, 2008.11.12.* N 581д *Қаулыларымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтижелер: Құтқарушылар азық-түлікпен, дәрі-дәрмектермен, заттай киім-кешектермен қамтамасыз етілді, ғимараттарға, жабдықтарға және басқа да негізгі құралдарға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.
"Төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою мемлекеттік жүйесін дамыту бағдарламасы" іс-шаралар жоспарының 3.1-тармағын іске асыруға 8 бірлік автокөлік құралдарын сатып алу, оның ішінде: УАЗ 3 бірлік, Газель 2 бірлік, орта сыныпты АҚМ - 1 бірлік, гидрооралым 3-ші жергілікті 1 бірлік, аварияльқ құтқару жабдықтары және аспаптары, оның ішінде: жылу зеңбірегі 4 бірлік, зардап шеккендерге киіз үй - 2 бірлік, ұялы байланыс кешені УКВ-10-бірлік, созылмалы құтқару матасы, аварияльқ құтқару аспабының жинағы, сүңгуір жейдесі, неопренді гидрокостюм, тау шаңғысы жинағы, газ қазандығы, үйлестіру-диспетчерлік қызмет және басқа жабдық үшін қатты дауыс байланыс жүйесі, оның ішінде желдеткіштер - 2 бірлік, тоңазытқыштар, ламинатор+брошуратор.
Азық-түлік, дәрі-дәрмектер, заттай мүліктер сатып алу, мерзімді қызметтегі 153 бірлік әскери қызметшінің келісім-шартты қызметке өтуі.
Дәнекерлеуші агрегат - 1 бірлік, байланыс құралы, коммуналдық-тұрмыстық жабдық, оның ішінде: жылыту қазандығы - 6 бірлік. Іс-шаралар жоспарының 3.1 т. іске асыру үшін автокөлік құралдарын, оның ішінде: жоғары өтімді КамАЗ (6*6) - 3 бірлік, ГАЗ шассасында АСА - 1 бірлік, УАЗ шассасында АСА - 1 бірлік сатып алу. "ҚР ӘҚ қару жарақтары мен әскери техниканы сатып алу, жаңғырту, жөндеу, пайдаға асыру мемлекеттік бағдарламасы" іс-шаралар жоспарын іске асыруға бульдозер 1 бірлік, N

52859 әскери бөлімінің ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу. Алматы қаласында пәтерлер сатып алынды (бір бөлмелі - 2 бірлік, екі бөлмелі - 1 бірлік ). Автокөлік құралы - 4 бірлік, оның ішінде: КамАЗ базасында АСА - 2 бірлік, НИВА Марш АСА - 2 бірлік, авариялық құтқару жабдығы. "Төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою мемлекеттік жүйесін дамыту бағдарламасы" іс-шаралар жоспарының 3.1 іске асыру УАЗ базасында АСА - 3 бірлік, қарда жүретін машина - 2 бірлік, Камаз автомобилі - 1 бірлік, УАЗ автомобилі - 1 бірлік, авариялық құтқару аспаптары мен жабдығы - 4 бірлік;

- Жер серігі терминалы - 1 бірлік, басқару бейне камерасы - 1 бірлік, дизельді-генераторлық қондырғы - 1 бірлік сатып алу;
- Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы гидротехникалық құрылыстарды, гидрологиялық посттарды, диспетчерлік пунктерді, сейсополигондарды және бөгеттегі ағымды жөндеу, бақылау және хабардар ету бекеттерін ұстау, аэрошолу жұмыстары, мұздық көлдерді ағызу бойынша алдын алу жұмыстары, жер сілкіністерін қысқа мерзімді болжауды қамтамасыз ету бойынша ғылыми-болжау жұмыстарын жүргізу, қар көшкіндерін, сел тасқындары мен сырғымаларды алдын ала түсіру бойынша жару жұмыстары.

Құрылыс техникалары мен автокөлік - 7 бірлік, оның ішінде: темір табанды эскаватор - 1 бірлік, Фронтальды жүк тиегіш - 1 бірлік, кран монипулятор - 1 бірлік, экскаватор - 3 бірлік, автогрейдер - 1 бірлік, гидрометеорологиялық бұйымдар сатып алу. "Төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою мемлекеттік жүйесін дамыту бағдарламасы" іс-шаралар жоспарының 3.1 іске асыру үшін Камаз (самосвал) - 10 бірлік, тұрғын вагон - 10 бірлік, цемент таситын көлік - 1 бірлік, бензин таситын көлік - 1 бірлік;

- авиациялық техниканы ұстау бойынша қызмет көрсетулер қамтамасыз етілді, авиациялық техниканы ұстау, ұшыру-техникалық қызмет көрсету бойынша қызмет көрсетулер сатып алынды, оның ішінде: жанар жағар май материалдарына, ағымдағы жөндеу және техникалық қызмет көрсету, авиациялық техниканы орналастыру шығындары;
- "Қазқұтқару" республикалық (халықаралық) жиын-семинары өткізілді және оған 335 құтқарушының қатысуы қамтамасыз етілді;
- Активтер - 190 бірлік, оның ішінде: Урал базасында АЦ-40 автоцистерна - 40 бірлік, Камаз базасында АЦ-40 автоцистерна 30 бірлік, ЗИЛ базасында АЦ 2,5-40 автоцистерна - 60 бірлік, өрт сөндіру-техникалық керек-жарақтар, "Диспетчер" АРМ жабдығын, байланыс құралдары, телекоммуникациялық жабдық, жедел жеңіл автомобиль - 1 бірлік сатып алу.

ММ өртсөндіру депосы ғимараттарының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу бойынша шығындар және күрделі жөндеу, оның ішінде: Атырау облысының Индер ауданы N 5 өрт сөндіру бөлімінің ғимаратына күрделі жөндеу; Ақтөбе облысы Шалқар қ. Газовиков п.ө/б - 17 г. өрт сөндіру депосын күрделі жөндеу; Оңтүстік Қазақстан

облысы Сарыағаш ауданы, Абай ауылы өрт сөндіру депосы ғимаратына күрделі жөндеу; Батыс Қазақстан облысы Круглоозерное п. 7 ө/б өрт сөндіру депосы ғимаратын күрделі жөндеу; Алматы қ. Қонаев көшесі 132 СПЧ-8 ғимаратын күрделі жөндеу, Жамбыл облысы Талас ауданы, Қаратау қаласы өрт сендіру депосының қазандықтарын жылыту және газдандыру жүйесін күрделі жөндеу; Батыс Қазақстан облысы ММ арнайы жасағына күрделі жөндеу; Тараз қаласы Асқаров 284-а көшесі бойынша жұмылдыру резерві ғимаратын күрделі жөндеу; Тараз қ. Жамбыл N 1 даңғылы бойынша ө/д жатақханасы ғимаратына күрделі жөндеу; материалдық емес активтерді сатып алу.

Камаз базасында 4 бірлік, гидравликалық авариялық құтқару аспаптары, іздеу құтқару иттері - 2 бірлік сатып алу.

Материалдық емес активтерді сатып алу, оның ішінде "1С -Бухгалтерия" - белгілі бір адамдарға мамандандырылған медициналық көмек көрсету. Медициналық (емдеу және диагностикалық), зертханалық жабдықтар сатып алу.

Түпкі нәтиже:

төтенше жағдайлар оқиғаларын кеміту мен азайту бойынша іс-шараларды жүргізу, оның ішінде төтенше жағдайлардан күтілетін материалдық шығынды 2-3 % азайту, зардап шеккендер мен қаза болғандардың санын 3-4 % азайту, құтқарылғандардың санын 5-6 % көбейту. Емделген адамдардың денсаулығын жақсарту.

Қаржы-экономикалық нәтиже:

бір әскери бөлімді ұстау орташа 347181,0 мың теңгені құрайды;

бір өңірлік аэромобильдік жасақты ұстау орташа 44852,6 мың теңгені құрайды;

"Қазқұтқару" семинарына қатысатын бір құтқарушыны 10 күн ішінде орташа қамтамасыз ету - 22,4 мың теңге;

1 тікұшақты бір жылда пайдалану, ұстау және оған техникалық қызмет көрсетудің орташа құны - 33120,7 мың теңге;

бір өрт сөндіру бөлімін ұстау орташа 36868,2 мың теңгені құрайды;

бір жедел құтқару жасағын ұстау 33247,2 мың теңгені құрайды. Жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету жағдайында жылына бір адамды емдеуге орташа шығыс 104,7 мың теңге.

Сапасы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою саласындағы функцияларға сәйкес адамзат факторымен, қаза болғандар мен зардап шеккендер санымен байланысты төтенше жағдайлар санының артуын, сондай-ақ өндіріс объектілері мен жеке секторлардағы өрт, дүлей зілзала нәтижесіндегі материалдық шығынды 100 %-ға тежеу жөніндегі іс-шараларды орындауды қамтамасыз ету. Диагностика және емдеу мерзімді медициналық-экономикалық хаттамаларға сәйкес емдеу.

Уақтылығы:
барынша уақыт мүмкіндігімен белгіленген регламент шеңберінде төтенше жағдайларға ден қою, олардың алдын алу және жою.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.07.19* N 712 *, 2008.10.14* N 581в *, 2008.11.12.* N 581д *Қаулыларымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
35-ҚОСЫМША

**202-Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Төтенше жағдайлардан қорғау объектілерін салу мен реконструкциялау" деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1820028 мың теңге (бір миллиард сегіз жүз жиырма миллион жиырма сегіз мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңы ; "Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жоюдың мемлекеттік жүйесін дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1383 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасының аумағын табиғи және техногендік сипаттағы қауіп-қатерлерден қорғау, сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы мамандарын дайындаудың білім деңгейін көтеру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасының аумағын болуы ықтимал төтенше жағдайлардан қорғауды қамтамасыз ету жағдайын жасау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдар-лама коды | Кіші бағда-рлама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағдарлама-ның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Төтенше жағдайлар- | Заңнамада белгіленген тәртіппен | | Қазақстан Республи- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | дан қорғау объектілерін салу мен реконструкциялау | бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес "2008 жылға арналған Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1223 қаулысына 3-қосымшаға сәйкес сома шегінде инвестициялық жобаларды мына іс-шаралар бойынша іске асыру: 1) Астана қаласын Есіл өзенінің су тасқынынан қорғау құрылыс кешенін салу (Мемлекеттік сараптаудың жобалық сметалық-құжаттарға 2004 жылғы 31 тамыздағы N 7-386/2004 қорытындысы); 2) *алынып тасталды* ; 3) Астана қаласында жаңа әкімшілік орталықта 6 автомобильге арналған өрт сөндіру депосын салу. | қаңтар-желтоқсан | касы Төтенше жағдайлар министрлігі Қазселқорғау ММ |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *Қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: Астана қаласын Есіл өзенінің су тасқынынан қорғауға арналған объектілер кешенін салу (орындалған жұмыстар көлемінің 11,5 %-ы). Түпкілікті нәтиже: аумақтарды табиғи және техногендік сипаттағы қауіп-қатерлерден қорғауға арналған объектілерді пайдалануға беру. Уақтылығы: жұмыс өндірісінің кестесіне және жасалған шартқа сай. Сапасы: құрылыс нормалары мен ережелеріне сай.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
36-ҚОСЫМША

**202-Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Өрт қауіпсіздігі саласында сынақтарды талдау және жүргізу" деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 10399 мың теңге (он миллион үш жүз тоқсан тоғыз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Өрт қауіпсіздігі туралы " Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңы ; "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Өрт қауіпсіздігі саласындағы ғылыми-техникалық және нормативтік-құқықтық базаны дамыту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасының заңнамаларына, өрт қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес өрт қауіпсіздігі жөніндегі мемлекеттік стандарттарды әзірлеу, сондай-ақ өртпен күрестегі тәжірибе негізінде, заттардың, материалдардың, технологиялық процестердің, бұйымдардың, конструкциялардың, үйлер мен ғимараттардың өрт қауіптілігін бағалау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағдарлама-ның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 004 | | Өрт қауіпсіздігі саласында сынақтарды талдау және жүргізу | Өрт қауіпсіздігі саласында сынақтар мен зерттеулер жүргізу жөніндегі қызмет көрсетулер-ді сатып алу:<br>- өрт қауіпті материалдар мен дайын өнімдер көрсеткіштерін айқындау бойынша; | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Төтенше жағдайлар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | - өрт сөндіретін құрам мен оттан қорғау материал-дарының сапасын айқындау бойынша; - өрттен қорғау құралдары мен құтқарушылар, сондай-ақ шаруашы-лық етуші объекті-лерде қолданатын-дай, авариялық-құтқару және өртке қарсы бөлімшелерде қолданатын техни-калар; - өрт сөндіру автоматикасы мен жабдықтарының техникалық құрал-дарын, оттан қорғау материалда-рының өрт сөндіру заттарын жобалау, монтаждау және пайдалануға берудің норматив-тік құжаттарын (мемлекеттік стандарттар, әдіс-темелік ұсынымдар) әзірлеу бойынша; - өрт қауіпсіздігі саласында қолданы-стағы халықаралық стандарттарға сәйкес үйлестіруді есепке ала отырып, сынақ әдістерін айқындау | | министрлі-гі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: 4 сынаулар мен зерттеулер жүргізу және өрттерді анықтау мен сөндірудің автоматтық жүйелерін, құтқару қондырғылары мен жеке қорғану құралдарын сынау әдістерін және жалпы техникалық талаптарды реттейтін 6 нормативтік құжаттар әзірлеу. Түпкілікті нәтиже: өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру және дамыту.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: мемлекеттік стандарттағы бір нормативтік-техникалық құжаттың сараптамасы 70,0 мың теңге; бір нормативтік техникалық құжатты мемлекеттік тілге аудару рецензиясы - 50,0 мың теңге;

бір стандартты әзірлеу кезіндегі сынақ пен зерттеудің орташа құны - 2245,8 мың теңге.
Сапасы: республикада шығарылатын және Қазақстан рыногына әкелінетін сынақ үлгілерінің, бұйымдардың және өнімдердің өрт қауіпсіздігі көрсеткіштерін айқындау бойынша қойылған міндеттерді іске асыру жөніндегі іс-шаралардың 100% орындалуын қамтамасыз ету.
Уақтылы: сынаулар мен зерттеулердің нәтижелерін белгіленген мерзімде ұсыну.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
37-ҚОСЫМША

**202-Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Жоғары кәсіптік білімді мамандар даярлау"
деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 339285 мың теңге (үш жүз отыз тоғыз миллион екі жүз сексен бес мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңы ; "Көкшетау техникалық институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын тарату туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 ақпандағы N 243 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1112 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : өрт сөндіру қызметі бөлімшелерін өрт қауіпсіздігі саласындағы жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : 051001 "Өрт қауіпсіздігі" мамандығы бойынша жоғары кәсіптік білімі бар инженерлерді дайындау сапасын барынша ұлғайту .

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 006 | | Жоғары кәсіптік білімді | Штаттық саны 120 бірліктен тұратын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің | Жыл бойы | "Көкшетау техникалық институты" |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | мамандар даярлау | "Көкшетау техникалық институты" мемлекеттік мекемесін ұстау. Тыңдаушыларды азық-түлікпен, киім-кешекпен және стипендиялар төлеумен, ғимараттарға, үй-жайларға, құрал-жабдықтарға ағымдағы жөндеу жасаумен және басқа да негізгі құралдармен қамтамасыз ету. Компьютерлер мен оргтехника, оқу-зертханалық жабдықтар, жиһаз, бақылау байланыс құралдарын, өрт-техникалық жабдықтар, шатырлар, әдебиет-тер сатып алу. Оқу, әдістемелік және ғылыми-зерттеуді қоса алғанда білім беру қызметін жүзеге асыру. Ғимараттың беткі жағын, асхананың шатырын, спорт залының шатырын күрделі жөндеуден өткізу. Мемлекеттік сараптамадан өткен сметалық құжаттамаға сәйкес жатақхана және оқу корпусы ғимаратын күрделі жөндеу. | | мемлекет-тік мекемесі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.10.14* N 581в *Қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Түпкілікті нәтиже: Тыңдаушыларды азық-түлікпен, киім-кешекпен және стипендиялар төлеумен, ғимараттарға, үй-жайларға, құрал-жабдықтарға ағымдағы жөндеу жасаумен және басқа да негізгі құралдармен қамтамасыз ету. Компьютерлер мен оргтехника, оқу-зертханалық жабдықтар, жиһаз, бақылау байланыс құралдарын, өрт-техникалық жабдықтар, шатырлар, әдебиеттер сатып алу. Оқу, әдістемелік және ғылыми-зерттеуді

қоса алғанда білім беру қызметін жүзеге асыру. Ғимараттың беткі жағы, асхананың шатыры, спорт залының шатыры күрделі жөндеуден өткізілді.
Түпкілікті нәтиже: "Өрт қауіпсіздігі" мамандығы бойынша жоғары білімді мамандарды дайындау - күндізгі оқу бөлімі факультетінің түлектері - 115 адам, сондай-ақ сырттай оқу бөлімі факультетінің түлектері - 150 адам.
Сапасы: 051001 "Өрт қауіпсіздігі" мамандығы бойынша (академиялық дәрежесі - бакалавриат) білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес мамандарды дайындау.
Уақтылығы: мамандарды дайындаудың бекітілген кестесіне сәйкес.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.10.14* N 581в *Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
38-ҚОСЫМША

**202-Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Мемлекеттік органдар мен мекемелер мамандарын төтенше жағдай ахуалында іс-әрекет жасауға даярлау" деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 11145 мың теңге (он бір миллион бір жүз қырық бес мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы басшы құрам мен мамандардың кәсіби деңгейін көтеру бойынша көмектесу, азаматтық қорғаныс әскерлері үшін білікті офицерлер кадрларын және төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жоюдың бірыңғай мемлекеттік жүйесі үшін жоғары білікті мамандар даярлау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : азаматтық қорғаныс әскерлері үшін офицерлер кадрларының және төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жоюдың бірыңғай мемлекеттік жүйесі үшін жоғары білікті мамандардың біліктілігін арттыру, басшы құрамның, сондай-ақ орталық және жергілікті атқарушы органдардың, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, еліміздің азаматтық қорғаныс саласындағы

қызметті жүзеге асыратын өзге де ұйымдардың мамандарын дайындау және қайта даярлау, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органдарына, республиканың басқа да ұйымдарына әдістемелік көмек көрсету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 007 | | Мемлекеттік органдар мен мекемелер мамандарын төтенше жағдай ахуалында іс-әрекет жасауға даярлау | Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласында кадрлар даярлау жөніндегі қызмет көрсетулерді (жұмыстарды) сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: бюджет саласындағы қызметкерлерді 47 санат бойынша оқыту, оқу бағдарламасында төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс бойынша 62 тақырып көзделген, оқу курстары бір аптадан (42 оқу сағатынан) тұрады.

Түпкілікті нәтиже: төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғаныс саласындағы 1750 бюджет саласындағы қызметкерлердің білім деңгейі мен дағдысын арттыру.

Қаржы-экономикалық тиімділік: бір тыңдаушыны оқытуға - 6369 теңге, оқытудың бір сағаттық құны - 265,3 теңге.

Сапасы: бюджет саласындағы қызметкерді оқыту бойынша жинақтық оқу жоспарына сәйкес.

Уақтылығы: кадрларды дайындау және қайта даярлаудың бекітілген кестесіне сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
39-ҚОСЫМША

**202-Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және сақтау" деген 008 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 4677606 мың теңге (төрт миллиард алты жүз жетпіс жеті миллион алты жүз алты мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12 N 581д Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Мемлекеттік материалдық резерв туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңы ; "Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтармен операция жасау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 21 ақпандағы N 237 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1112 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Бекітілген номенклатураға сәйкес мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының сақталуын және қол сұқпаушылықты қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : бекітілген номенклатураға сәйкес мемлекеттік материалдық резервтің тауарларын жаңартып отыруды қамтамасыз ету; сақтау режимінің талаптарын сақтай отырып, мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының сапалы және сандық сақталуын және қол сұқпаушылықты қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 008 | | Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және сақтау | | | |
| 2 | | 100 | Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру | Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарына операция жасау, мемлекеттік материалдық резервтің тауарлық-материалдық құндылықтар қорларын сақтау нормаларына дейін жеткізу, төтенше жағдайлардың салдарын жоюға арналған тауарлар | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мемлекеттік материалдық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | мен материалдар номенклатурасын қалыптастыру үшін материалдық құнды-лықтарды сатып алу, жұмылдыру резервінің материалдық құнды-лықтарын сатып алу. | | резервтер комитеті |
| 3 | | 101 | Мемлекеттік материалдық резервті сақтау | Мемлекеттік мате-риалдық резервтің материалдық құндылықтарын ведомстволық бағынысты ұйымдар мен сақтау пункт-терінде сақтауды жүзеге асыру, сондай-ақ мемле-кеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының бүтіндігін қамта-масыз ету үшін оларды түгендеу, ауыстыру, бағалау, сертификаттау және сақтауды жүзеге асыру. Мемлекеттік мате-риалдық резервтің материалдық құндылықтарын жұмылдыру тапсырмасы бар ұйымдарда сақтау мен ұстауды жүзеге асыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Төтенше жағдайлар министрлі-гінің Мемлекет-тік материал-дық резервтер комитеті |
| 4 | | 103 | Сақтау пункттерін күрделі жөндеу | Мемлекеттік мате-риалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтауды жүзеге асыратын ведомст-волық бағынысты ұйымдардың өнді-рістік қуаттарына күрделі жөндеу жүргізу. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Төтенше жағдайлар министрлі-гінің Мемлекет-тік материал-дық резервтер комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Құпия.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
40-ҚОСЫМША

**202-Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Төтенше жағдайлар саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 102200 мың теңге (бір жүз екі миллион екі жүз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Республика аумағындағы төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі шаралар туралы" 2004 жылғы 19 наурыздағы N 451 өкімі .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : халықтың және табиғи-шаруашылық жүргізуші объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** :

- микрожер сілкіністерін зерттеуді мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету;
- кәсіпорындардың жұмыс істеу аумағының ауасы мен шаң-газ ағымдарының өлшемдерін анықтау;
- газ қоспалары құрауыштарының бояу массасының әсер етуін және жұмыс істеу аймағының ауасындағы шаң-газ ағымдарын олардың шоғырына байланысты анықтау;
- қоршаған ортаға техногендік, антропогендік және табиғи жүктеменің әсер ету дәрежесі және өңірлік экожүйенің тұрақты жағдайы мен сақталуы бойынша облыс аумағын аудандарға бөлуді анықтау;
- аймақтарды өлшемдері жөніндегі ұсыныстарды әзірлей отырып, жанама жер жыныстарын өндіруде пайда болған жарықшақтар аймағын анықтау;
- өнеркәсіптік қондырғыларда шаң түріндегі отынды жаққан кезде жарылыс қауіпсіздігі жағдайының шегін анықтау;
- тізбектелген жылу және масса алмастыру аппараттарының сенімділігін және қауіпсіздігін арттырудың әдістері мен тәсілдерін әзірлеу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдар-лама коды | Кіші бағдар -лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағдарлама-ның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Жауапты | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | орындаушылар | |
| 1 | 009 | | Төтенше жағдайлар саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | "Салынып жатқан және пайдалануға берілетін ғимараттар мен құрылыстардың ТЖ кезіндегі төзімділігінің әдістемесін әзірлеу, тиімді күшейту әдістерін әзірлей отырып, ТЖ-дан кейін ғимараттар мен құрылыстардың одан әрі пайдалануға жарамдылығын зерттеу", "Химия, мұнай химиясы және мұнай өңдейтін өнеркәсіптерде техногендік сипаттағы апаттар мен авариялар мониторингі және оларды үлгілеу мен болжау";<br>"Кен орындарын қазу кезінде тосын құлаулардың алдын алу мақсатында жер асты әдісімен қирауы бойынша қауіпті аймақтарды болжау әдістемесін жетілдіру", "Мұнай -газ өңдейтін объектілерде қышқыл газдарды өңдеу үшін жылу және масса алмастыру жабдықтарының қауіпсіздігі мен сенімділігін арттыру", "Металлургия өнеркәсібі үшін қатты шаң түріндегі отын: оны пайдалану, қауіпсіздігі, экология", "Техногендік жүктемелер және табиғи ортада туындауы мүмкін төтенше жағдайлар- | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Қазсел- | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дың алдын алу дәрежесі бойынша Солтүстік шығыс Каспий айдынын қоса алғанда Атырау облысының аумағын аудандарға болу", "Таукен-металлургия кәсіп-орындарында техно-логиялық газдардың нақты тығыздығын айқындау әдістеме-сін әзірлеу тақы-рыптары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу үшін қыз-мет көрсетулерді сатып алу. | | денқорғау" ММ |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** тікелей нәтиже:
- ғимараттар мен құрылыстарды зерттеу, конструкцияларға тексеріс есептерін жүргізу, оларды күшейту мүмкіндіктерін айқындау;
- тотығу және бейтарап атмосфералар жағдайында шаң пайда болу кезінде туындайтын физикалық-химиялық жағдайларды зерттеу;
- жоғары температура жағдайында байланыс отыны болмаған кезде қатты отынды кесектендіруді зерттеу;
- шаң түріндегі отынды қауіпсіз дайындау және жағу бойынша тәжірибелік қондырғыларды зерттеу;
- қазба өнімдерінің жобалық бөлігіне жанасып жатқан тау жыныстарының тосын құлау процестерінің алдын алу, берілген уақыт кезеңінде құламай тұтас күйінде тұратын тау жыныстарының көлемін анықтау, сондай-ақ толық құлауы мүмкін ошақтары туралы уақтылы ескерту;
- микросейсмологияны болжау технологиясын дамыту бойынша бағдарламалық қамтамасыз ету кешенін құру;
- кәсіпорындардың жұмыс істеу аймағының ауасы мен шаң-газ ағымдарының өлшемдерін анықтау;
- Солтүстікшығыс Каспий айдынында және Теңіз кен орындарында жүргізілген мұнай операцияларының қоршаған ортаға әсерін анықтау;
- аппараттың жоғары сенімді және қауіпсіз жаңа конструкциясының есептеу және жобалау үшін техникалық құжаттама әзірлеу;
- химия, мұнай химиясы және мұнай өңдейтін өнеркәсіптерде техногендік апаттар мониторингін құру.
Түпкілікті нәтиже:
- төтенше жағдайлар кезінде қираған үйлер мен ғимараттарды қысқа мерзім ішінде

нығайтудың тиімді әдістерін әзірлеу;
- көмір өндіру кезінде пайда болатын шаң түріндегі өнімдерді кесектендіру технологиясын әзірлеу;
- жер асты таукен өндіру кәсіпорындары кешенінде тұтас қолдану үшін салалық сипаттағы нормативтік құжаттарды әзірлеу;
- сейсмикалық бақылаудың жаңа ақпараттық технологиясының негізінде микросейсмологияны болжауды дамыту;
- технологиялық газдардың, желдеткіш ауаның тығыздығы мен көлемдерін, таукен және металлургия кәсіпорындарындағы жұмыс істеу аймақтарының атмосфералық ауасының өлшемдерін сенімді анықтау әдістерін әзірлеу;
- мұнай-газ кешеніндегі жұмыстың қарқындылығының нәтижесінде қоршаған орта жай-күйінің өзгеру болжамын жасау;
- қалдық газдарды тазарту үшін аппараттың сенімділігі мен қауіпсіздігі жоғары жаңа конструкцияларын жасау;
- физикалық химиялық құбылыстарды ескере отырып, фазалардың өзара өту қозғалыстарының үлгілерін әзірлеу.
Қаржы-экономикалық тиімділігі:
- "Ғимараттар мен құрылыстардың ТЖ кезіндегі төзімділігінің әдістемесін әзірлеу" тақырыбы бойынша зерттеу жүргізуге - 12,7 млн. теңге;
- "Металлургия өнеркәсібі үшін қатты шаң түріндегі отын: оны пайдалану, қауіпсіздігі, экология" тақырыбы бойынша зерттеу жүргізуге - 10,7 млн. теңге;
- "Кен орындарын қазу кезінде тосын құлаулардың алдын алу мақсатында жер асты әдісімен қауіпті қирау аймақтарын болжау әдістемесін жетілдіру" тақырыбы бойынша зерттеу жүргізуге - 2,0 млн. теңге;
- "Микросейсмологияны болжау технологиясын дамыту" тақырыбы бойынша зерттеу жүргізуге - 48,0 млн. теңге;
- "Таукен-металлургия кәсіпорындарында технологиялық газдардың нақты тығыздығын айқындау әдістемесін анықтау" тақырыбы бойынша зерттеу жүргізуге - 7,0 млн. теңге;
- "Техногендік жүктемелер және табиғи ортадағы туындауы мүмкін төтенше жағдайлардың алдын алу дәрежесі бойынша Солтүстікшығыс Каспий айдынын қоса алғанда Атырау облысының аумағын аудандарға бөлу" тақырыбы бойынша зерттеу жүргізуге - 5,2 млн. теңге;
- "Мұнай-газ өңдейтін объектілерде қышқыл газдарды өңдеу үшін жылу және масса алмастыру жабдықтарының қауіпсіздігі мен сенімділігін арттыру" тақырыбы бойынша зерттеу жүргізуге - 10,0 млн. теңге;
- "Химия, мұнай химиясы және мұнай өңдейтін өнеркәсіптерде техногендік сипаттағы апаттар мен авариялар мониторингі және оларды моделдеу мен болжау" тақырыбы бойынша зерттеу жүргізуге - 6,6 млн. теңге.

Сапасы: халықтың және табиғи-шаруашылық объектілердің қауіпсіздігін арттыруды қамтамасыз ету.
Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес жыл ішінде.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК